



## ҚАУЛЫ

2022 жылғы 28 қантар

Ақтау қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2

город Ақтау

### **Маңғыстау облысында коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі шаралар туралы**

Маңғыстау облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирус инфекциясының (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107 баптарына, «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-293/2020 бұйрығына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Қазақстан Республикасы өнірлеріндегі эпидемиологиялық бақылауды бағалау матрицасына сәйкес Маңғыстау облысы «қызыл» аймақта болуына байланысты келесі қаулыларды іске асыру жалғастырылсын:**

1) «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 38 қаулысы;

2) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42 қаулысының 4-қосымшасы («Ashyq» жобасының қатысуышы болып табылмайтын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары);

3) «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 27 қантардағы №7 қаулысы.

**2. Объектілерде «Ashyq» жобасын енгізу және іске асыру жалғастырылсын:**

- 1) йога орталықтарын қоса алғанда, фитнес-клубтары;
- 2) спа-орталықтары;
- 3) моншалар, сауналар, бассейндер;
- 4) PlayStation клубтарын қоса алғанда, компьютерлік клубтар;

- 5) боулинг клубтары;
- 6) кинотеатрлар;
- 7) театрлар мен филармониялар;
- 8) стрит-фудтарды қоспағанда, қоғамдық тамақтану объектілері, банкет залдары;
- 9) асхана типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері;
- 10) облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар;
- 11) облысаралық және облысішілік тұрақты тасымалдар;
- 12) бильярд клубтары;
- 13) концерт залдары;
- 14) караоке;
- 15) көрмелер;
- 16) океанариум;
- 17) марафондар;
- 18) көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар;
- 19) әуежайлар;
- 20) лотерея клубтары және лотерея сататын өзге де орындар;
- 21) балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары;
- 22) цирктер;
- 23) отельдер, қонақ үйлер;
- 24) халықта қызмет көрсету орталықтары;
- 25) теміржол вокзалдары және автовокзалдар;
- 26) (жабық) базарлар, сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері<sup>^</sup>
- 27) (сауда алаңы 6000 ш.м.-ден астам азық-түлік, сауда алаңы 1000 ш.м.-ден астам азық түлік емес) сауда желілері;
- 28) балаларды сауықтыру үйымдары (жұмыскерлер (персонал) үшін);
- 29) букмекерлік конторалар;
- 30) сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсету, косметикалық және косметологиялық қызметтер көрсету салондары;
- 31) барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру үйымдары (педагогтар, персонал, ата-аналар (занды өкілдері), келушілер, 18 жастағы және одан асқан білім алушылар үшін);
- 32) спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары;
- 33) білім беру үйымдарында білім алушылардың тұруына арналған жатақханалар (педагогтар, персонал, ата-аналар (занды өкілдері), келушілер, білім алушылар үшін);
- 34) діни объектілер;
- 35) ойын клубтары (казино);
- 36) «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы;
- 37) тұнгі клубтар;
- 38) банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері.

**3. Маңғыстау облысының қалалық және аудандық әкімдері, мемлекеттік органдары және Кәсіпкерлер палатасына (келісім бойынша), мекемелер мен кәсіпорындар басшылары және кәсіпкерлік субъектілері құзыретіне сәйкес келесі шарапарды қабылдасын және қамтамасыз етсін:**

- 1) осы қаулының 1 және 2 қосымшаларына сәйкес объектілерде «Ashyq» жобасын енгізуді;
- 2) «Ashyq» жобасына қатысушылар туралы ақпаратты әкімдіктердің сайтында орналастыруды;
- 3) зертханалардың COVID-19-ға ПТР-тестілеу нәтижелері бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге мәліметтерді уақтылы енгізуін және оларды Ұлттық сараптама орталығының Бірыңғай интеграцияланған порталына (ҰСО БИП) беруді;
- 4) Call-орталықтарды ұйымдастыру арқылы халықты және кәсіпкерлерді оқыту бойынша техникалық қолдауды;
- 5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және осы қаулыда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік туралы жобага қатысушылардың назарына жеткізуді;
- 6) қызметкерлерде COVID-19-ға қарсы вакцинация жүргізілгеніне қарамастан, тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерін қоспағанда мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, кәсіпорындар персоналының кемінде 70% қашықтықтан жұмыс нысанына көшіруді.
- 7) осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес «Ashyq» жобасын енгізуге және оған қатысуға қойылатын талаптарды бұзушылықтардың профилактикасы бойынша мониторингтік топтар жұмысының тиімділігін;
- 8) QR-кодты өшіру үшін жобага жосықсыз қатысушылардың ресми тізімдерін InfoKazakhstan.kz электрондық платформасына уақтылы енгізуі қамтамасыз етсін;
- 9) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін жұмыс және демалыс күндері уақыт бойынша жұмыс режимі белгіленбейді;
- 10) осы қаулыға 1-қосымшага сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес мынадай өнірлерде орналасқан келушілерде бейтарап («көк») немесе қауіпсіз («жасыл») мәртебе болған жағдайда:
  - «жасыл» аймақта (эпидемиологиялық тәуекелі төмен) – қызметі шектеусіз;
  - «сары» (эпидемиологиялық тәуекелі орташа) және «қызыл» (эпидемиологиялық тәуекелі жоғары) аймақтарда – объектілерді толтыру бойынша шектеулермен;
- 11) осы қаулыға 2-қосымшага сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз («жасыл») мәртебе болған жағдайда (вакцинациялау немесе ревакцинациялау, сынама алған сәттен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде),

эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес эпидемиологиялық тәуекел аймағына қарамастан, барлық өнірлерде («жасыл», «сары», «қызыл») қызметі шектеусіз;

12) ВАК-тың шешімінің негізінде эпидемиологиялық тәуекелі жоғары аймақта («қызыл» аймақта) орналасқан өнірлерде қатаандату бойынша қосымша шаралар қабылдауды;

13) жобаға қатысушылардың арасында бұзушылықтардың алдын алууды;

14) QR-кодты сканерлеу бойынша талаптарды сақтамайтын обьектілерді (аутсайдерлерді) «Ashyq» жобасынан шығаруды қамтамасыз етсін.

**15) Оқыту:**

- мектепке дейінгі үйымдарда – («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда) ата-аналардың өтініштері бойынша штаттық форматта;

- жалпы білім беру мектептерінде («қызыл» аймақ):

- 1-4 бастауыш сыныптар (халықаралық мектептерде 1-6-сыныптар) – штаттық форматта;

- 600 оқушыға дейінгіні қоса алғанда – штаттық форматта;

- 600 оқушыдан жоғары – мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктемемен штаттық форматта;

- мектептен тыс үйымдарда («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда) – штаттық форматта;

- жоғары оқу орындарында және колледждерде («қызыл» аймақ) аралас форматта – практикалық, зертханалық, семинар сабактар, өндірістік практика икемді кесте бойынша штаттық режимде, дәріс онлайн.

Білім беру үйымдарының әкімшісінің қалауы бойынша вакцинацияның толық курсын алған мектеп оқушыларын штаттық форматта оқытуға жол беріледі.

**4. Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті аумақтық басқармаларының басшылары қамтамасыз етсін:**

1) осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық обьектілердің қызметін шектеу өлшемшарттарының сақталуын бақылауды;

2) «Ashyq» жобасын үйимдастыруға және пайдалануға қойылатын талаптарды бұзу фактілері бойынша жобаға қатысушыларға қатысты және шектеу және карантиндік шараларды бұзуға жол берген адамдарға қатысты әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды;

**5. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасына, қалалар мен аудандардың әкімдеріне:**

1) халықты, жеке және заңды тұлғаларды жобаға қатысатын обьектілерге кіру үшін «Ashyq» мобиЛЬДІ қосымшасын, оның ішінде басқа да платформаларды (мысалы, eGov mobile, Aitu, Kaspi.kz, Halyk Bank, Sberbank.kz, Альфа-Банк платформасындағы аналогы, сайт [www.ashyq.kz](http://www.ashyq.kz)) пайдалану қажеттігі туралы хабардар етуді қамтамасыз етсін;

2) қоғам мен мемлекеттің, адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қабылданатын шешімдердің маңыздылығы мен өмірлік қажеттілігін түсіндіруді, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және

мессенджерлерде қабылданатын шаралар туралы ақпараттық сүйемелдеу жүргізуді қамтамасыз етсін;

3) осы Қаулыны барлық мұдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және облыс тұрғындарының назарына жеткізсін.

## **6. Маңғыстау облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасына:**

1) Облыс тұрғындары арасында вакцинация және ревакцинация жүргізуі жандандыру.

2) 60 жастан асқан адамдарды Комирнати (Пфайзер) вакцинасымен ревакцинациялауды қамтамасыз ету.

7. COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар базада тіркелген адамдарда, «инфекция жұқтырған» - U07.1 коды мәртебесі бар пациенттерде «қызыл» мәртебе COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі алынған сәттен бастап 10 күн өткенге дейін сақталады. 10 күн өткеннен кейін бұл адамдар осы уақыт кезеңінде COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алудың қарамастан, соңғы 3 ай бойы сақталатын «жасыл» мәртебеге ауыстырылады. COVID-19-ға теріс ПТР-тестілеу нәтижелері бар (COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған сәттен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) инфекция жұқтырған адамдарда «қызыл» мәртебе оң нәтиже алған сәттен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

«Сары» мәртебесі бар адамдар (немесе жақын байланыста болған адамдар) COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң «көкке» ауыстырылады.

COVID-19-ға ПТР-тестілеу теріс нәтижелері бар адамдарда (байланыс күнінен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) «сары» мәртебесі COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

Байланыста болған адамдарда COVID-19 белгілері болмаған кезде және ревакцинацияны немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсын алғаны туралы құжаттамалық растау бар болған кезде, сондай-ақ COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарда соңғы 3 ай ішінде «жасыл» мәртебе сақталады.

Алғашқы оң тестілеуді алған сәттен бастап 10 күн өткенге дейін COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған жағдайда, «қызыл» мәртебе COVID-19-ға ПТР-тестілеудің алғашқы оң нәтижесін алған күннен бастап 10 күн ішінде сақталады.».

8. «Маңғыстау облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы №1 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

10. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Маңғыстау облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Г.Надуев**

Маңғыстау облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2022 жылғы «28» қантардағы  
№ 2 қаулысына  
1-қосымша

**«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін  
шектеу өлшемшарттары \***

p/c №	Объектілер/салалар **	Жасыл аймақ	Сары аймақ	Қызыл аймақ
1	2	3	4	5
1	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+	+	+
2	Облысаралық және облысішілік тұрақты тасымалдар	+	+	+
3	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+	+	+
4	Отельдер, қонақ үйлер	+	+	+
5	Әуежайлар	+	+	+
6	Теміржол, автомобиль және су вокзалдары, өзен және теңіз порттары, автостанциялар, автомобиль өткізу жолдары, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	+	+	+
7	«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы;	+	+	+
8	ХҚКО	+	+	+
9	Банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	+	+	+
10	Сүлүлүк орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсету, косметикалық және косметологиялық қызметтер көрсету салондары (алдын ала жазылу бойынша)	+	+	+
11	СПА-орталықтар	+	+	+
12	Сауналар, моншалар,	+	+	+
13	Сауда алаңы 1000 ш.м-ге дейінгіні қоса алғанда (азық-түлік емес) сауда желілері	+	+	+

p/c №	Объектілер/салалар **	Жасыл аймақ	Сары аймақ	Қызыл аймақ
1	2	3	4	5
14	Базарлар (жабық)	+	+	+
15	Мектепке дейінгі білім беру үйымдары (ата-аналардың өтініштері бойынша)	+	+	+
16	Қосымша білім беру үйымдар, білім беру орталықтары	+	+	+
17	Білім беру үйымдарында білім алушылардың тұруына арналған жатақханалар (педагогтар, персонал, ата-аналар (заны өкілдері), келушілер, 18 жастағы және одан асқан білім алушылар үшін)	+	+	+
18	Балаларды сауықтыру үйымдары	+	+	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
19	Океанариум	+	+	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
20	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
21	Бильярд	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
22	PlayStation клубтарын қоса алғанда, компьютерлік клубтар	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
23	Боулинг	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
24	Цирктер	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде
25	Лотерея клубтары және лотерея сататын өзге де орындар	+	✓ бір келушіге кемінде 4 ш.м. алаң	✓ бір келушіге кемінде 4 ш.м. алаң
26	Букмекерлік конторалар	+	✓ бір келушіге кемінде 4 ш.м. алаң	✓ бір келушіге кемінде 4 ш.м. алаң
27	Балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	+	✓ бір келушіге кемінде 10 ш.м. алаң	✓ бір келушіге кемінде 10 ш.м. алаң, 60%-ға дейін толтырылған кезде
28	ЖОО, колледждер	+	+	✓ практикалық, зертханалық, семинар сабактары, өндірістік практика икемді кесте бойынша штаттық режимде, дәрістер онлайн

p/c №	Объектілер/салалар **	Жасыл аймақ	Сары аймақ	Қызыл аймақ
1	2	3	4	5
29	Орта білім беру үйімдары:			
	1-4 бастауыш сыныптары (халықаралық мектептерде 1-6-сыныптар)	+	+	+
	600 окушыға дейінгіні қоса алғанда	+	+	+
	600 окушыдан жоғары	+	+	✓ мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктемемен
30	Алкогольдік сусындарды сатпайтын асхана типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	+	+	+
31	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда), банкет залдары (мейрамханалар мен дәмхана типі бойынша қызмет көрсетеу)	+	✓ 70%-ға дейін толтырылған кезде	✓ 60%-ға дейін толтырылған кезде

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара рұқсат етілген (шектеулермен);

\* - объектілерге келушілерде бейтарап («көк») немесе қауіncіz («жасыл») мәртебе болған жағдайда кіру;

\*\* - тұрғын үй гимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылысы аумақтарында шу көтерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, ойын-сауық мекемелерінде - жұмыс кундері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке кундері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін шектеледі («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тар мақтарына сәйкес).

Маңғыстау облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
2022 жылғы «28» қаңтардағы  
№ 2 қаулысына  
2-қосымша

**Персонал мен келушілердегі қауіпсіз «жасыл» мәртебе бойынша  
«Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің тізбесі**

p/c №	Объектілер/салалар *	«жасыл», «сары», «қызыл» аймақтар
1	2	3
1.	Салтанатты, ас беру, отбасылық іс-шараларды (банкеттер, ас беру) өткізу	
2.	Конференциялар, форумдар, адамдар көп жиналатын ойын-сауық және өзге де іс-шаралар	
3.	Көрмелер	
4.	Марафондар (ашық ауада)	
5.	Көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар	
6.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттығуларды қоса алғанда), фитнес-орталықтары, йога-орталықтары	
7.	Діни объектілер (жабық үй-жайларда ұжымдық құдайға құлышылық етуді өткізу)	Шектеусіз
8.	Ойын клубтары (казино)	
9.	Тұнгі клубтар	
10.	Караоке	
11.	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда алаңы 1000 ш.м.-ден асатын (азық-түлік емес) сауда желілері	
12.	Сауда алаңы 6000 ш.м.-ден асатын (азық-түлік) сауда желілері	
13.	Бассейндер	

\* - тұрғын үй гимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылышы аумақтарында шу көтерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, ойын-сауық мекемелерінде - жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін шектеледі («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тар мақтарына сәйкес).